



№64 (10054)
13 тамыз,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Тәлім



Аймақта 200-ден астам іс-шара өтеді

Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, композиторы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Қазақстандықтар оның поэмалары, өлеңдері мен аудармаларымен бала кезінен таныс. Абай өзінің мағынасы терең және тілі бай шығармаларында адамдарды еңбекке, білімге, рухани дамуға шақырды. Абайдың прогрессивті көзқарастары бүгінде ерекше өзектілікке ие, өйткені оның идеяларына гуманистік және ағартушылық сипаттар тән.

Абай 170-ке жуық өлең, поэма мен «қара сөздерін» жазып, 56 аударма жасады. Оның аудармаларының арқасында әлемдік әдебиет классиктерінің шығармаларын қазақ тілінде оқуға мүмкіндік туды.

Немістер Гетесемің орыстар Пушкинимен мақтанады. Ал біз халқымызды өркеніміздің өріне қарай жетелеген қалың елдің Абайымен мақтана аламыз. Ол қазақтың қасиетті топырағы тулыраған әлемнің перзенті. Өйткені ақынның дүниетанымы, озат ойлары, салмақты сөздері, өзектілігін жоймайтын пәлсапасы қай жерде, қай ортада, қай елде болмасын өтімді бола береді. Оның адамзатқа ауадай қажет туындылары ешқашан өлмейді. Керісінше, зерделеніп, зерттеле береді.

Абай күні ретінде 10 тамыздың белгіленуі бекер емес. Ғылыми ортада ойшылдың туған күні туралы екі түрлі нұсқа болғанымен, жылдар бойы 10 тамыз ресми түрде Абай Құнанбайұлының туған күні ретінде таңдалынып келді. Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында осы дата күнтізбеге Абай күні ретінде ресми бекітілген еді.

Абай күніне орай облыс орталығындағы Абай аллеясында «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ...» атты облыстық байқаудың жеңімпаздарын марапаттауға арналған іс-шара өтті. Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов қатысушыларды атаулы күнмен құттықтады.

– Біз Абай шығармаларынан елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын тілеулес болуды үйрендік. Өркендеудің негізі білім мен ғылымда екені анық. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін қалады. Бұл тұжырымдар қазір де өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие. Себебі XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты – бийікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу. Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатарда болу, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Бұл байқауға Қызылорда қаласы мен аудандардан көркемөз оқу және өн айту шеберлігін қатар меңгерген 16-35 жас аралығындағы талапкерлер қатысқан. Олар Абай шығармаларын мәнереппен жатқа оқып, «Абай жолы» романынан үзіндіні көркем шеберлікпен жатқа айту, Абай өңдерін орындау бойынша сынға түсті. Байқау жүлдегерлеріне арнайы алғыс хат, бағалы сыйлықтар табысталды.

Айта кету керек, аймақта Абай күнін атап өтудің өңірлік іс-шаралар жоспары әзірленіп, 10-20 тамыз аралығында 200-ден астам танымдық шара ұйымдастырылады.

«ЖЖ» ақпарат

Олимпиада – 2024



Парижде атой салдық па?

Жексенбіде әлем көз тіккен Франция астанасы Парижде өткен XXXIII жазғы Олимпия ойындары мәресіне жетті. Төртжылдықтың басты бәсекесінде әлемнің кіл мықты 10 мыңнан аса спортшысы екі апта бойы өзара шын мықтыны анықтады. Қазақ елі де биылғы Олимпиада ойындарына үкілеп үміт артқан 80 спортшысын аттандырды. Бір қызығы, саңлақтардың 54-і дүбірлі додаға бірінші рет қатысып отыр.

Иә, доданың алғашқы күндерінде қазақ спортшылары айды аспанға шығарып, ө, дегеннен алтын мен қоланы қанжыға байлады. Елде тақым қысқан жанкүйерлер де мез-майрам болып, Парижде олимпиада Қазақ спорты үшін нәтижелі болмақ деп пайымдады. Ел қоржынына алғашқы алтын жүлдені дзюдодан 60 кг дейінгі салмақта бақ сынаған Елдос Сметов салды. 2016 жылы Рио Олимпиадасында – күміс, 2021 жылы Токиода қола алған отандасымыз Парижде Олимп шыңын бағындырды. Осылайша, жерлесіміз дзюдодан Олимпиада чемпионы атанған тұңғыш қазақ спортшысы атанды. Ал Ислам Сәтпаев пен Александр Ле Нысанна кәудеден аралас жуптық сында Қытай және Оңтүстік Корея спортшыларымен қатар тұрып, жүлдеге ілікті. Елдостық жетістігін жалғап, дзюдоды Ғусман Қырғызбаев та дзюдодан 66 келі салмақта қола медальді еншіледі.

Алайда күн өткен сайын бізден алғашқы алтыннан басқа медальдің ауылы алыстай бергендей болды. Жүлдеден үмітті деп үкілеп аттандырған бұлғары қолғап шеберлеріміз де алғашқы жекпе-жектерінен-ақ жарыстан шығып жатты. Барлық салмақ категориясында жұдырықтасқан жерлес-терімізден боксшы Нұрбек Оралбай мен Назым Қызыбай ғана жүлдеден

құр қалмады. Батыр қызымыс Назым Париж Олимпиадасының қола жүлдегері атанса, Нұрбек бокстан Олимпиада тарихындағы 26-шы жүлдені қанжығалады. Осылайша, бокстан әлемдік держава атанған қазақ боксы Токио мен Парижде алтыннан құр қалды. Өкініштісі, боксқа ерекше назар аударатын ел жанкүйерлерінің еңсесі түсіп, көкейлерінде «Бізге енді қай спорт түрінде алтынға мүмкіндік болмақ?» деген күмәнді сұрақ тұрды.

Олимпиаданың соңғы күндері спортшыларымыз алтын болмаса да, күміс пен қоладан қоржынға медаль салды. Жүлдеден үміт артпаған гимнаст Нариман Құрбанов үздік ойын өрнегін көрсетіп, күмісті қанжығаға басты. Сөйтіп ол гимнастика тарихында Олимпиадада медаль алған тұңғыш спортшы атағына ие болды. Ал 77 келі салмақта грек-рим күресінің палуаны Демей Жадыраев Олимпия ойындары тарихында араға 20 жыл салып осы спорт түрінде финалда бөлдесті.

Туризм және спорт министрлігі ел атлеттерінің дүбірлі додадағы жарыс жолын қорытындылады. Парижде ұлттық құраманың 78 атлеті 25 спорт түрінде сынга түсті. Нәтижесінде 7 медаль иеленіп, жалпыкомандалық

есепте 43 орынға тұрақтады. – Спортшыларымыздың бұдан да тәуір нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндігі болды. Дегенмен, Токио Олимпиадасындағы нәтижеден сабақ алып, Парижде жетістігімізді жақсарту алды. Төрт жылдан кейін АҚШ-та өтетін келесі Олимпиадада бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткіземіз деген сенімдемін, – деді Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

Шыны керек, ел спортшыларының Париждегі нәтижесі көңіл көншітпеді. Күткеніміз құрама қоржынынан 4-5 алтын көріп, көк тұдып Көркірұлық төрінде жеке көтерілгені еді. Әттең, бейгеге қосқан саңлақтарымызға бақ жетіспегендей, өйтпесе бабы дұрыс болмады деуге келмейді. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы спортқа ерекше сыйлық бөлуден тайынған емес. Қаншама қаражат бөлініп, жұмыстар атқарылды. Өкінішке орай, ел үміті толықтай ақталмады. Бірақ біз тұғыр биігінде тұрмаса да, Олимпиада жүлдесі үшін барын салған атлеттерді де ұмытпаймыз. Біздің біршама спортшымыз жүлдеге қол созым жерден тоқтады.

Мәселен, ҚР мәдениет және спорт министрінің бұйрығына сәйкес, спортшының алған жүлдесіне байланысты сыйлық сомасы 3 мыңнан 250 мың долларға дейін болады. Төлемдер тек

медаль иелеріне ғана емес, төртінші, бесінші немесе алтыншы орындарды иеленгендерге де беріледі. Сондай-ақ төлемдердің мөлшері Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының спортшылары үшін бірдей болмақ. Нақтырақ тоқталсақ, бірінші, екінші және үшінші орындарға ие болған спортшыларға сәйкесінше 250 мың, 150 мың және 75 мың АҚШ доллары төленеді. Ал медаль берілмейтін төртінші, бесінші және алтыншы орындар үшін мемлекеттен сәйкесінше 30 мың, 10 мың және 5 мың АҚШ доллары көлемінде ақшалай сыйақы қарастырылған.

Айта кетейік, Париждегі дүбірлі додада жалпы 91 елдің спортшысы жүлдегерлер қатарынан көрінді. 91 елдің бел ортасында тұрақтаған ұлттық құрамаға халық қоржынынан айтылып жатқан сын көп. Спортшыларымыздың еңбегін жоққа шығарудан аулақпыз. Дегенмен жанкүйерлер күткен нәтиже бұл емес еді. Бұған дейін спорттан Қазақ елін артта қалдырмаған көрші Еңбекстан атлеттері сенсациялық нәтиже тіркеп, 8 алтынмен жалпы есепте 13 орынға тұрақтаған.

Айта берсек, айтылар сын да көп, соған сәйкес салада атқарылар жұмыста жетерлік. Ендігі мақсат алдағы 4 жылда дайындықты күшейтіп, спортшыларымызды кем дегенде 5 алтынды қоржынға салардай бабына келтіру болмақ. Келесі жазғы Олимпия ойындары 2028 жылы АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында өтеді.

Жандос ЖАЗКЕН

Бәрекелді!



Мерейлі отбасы – мемлекет тірегі

Дана халқымыз «Отан отбасынан басталады» деп қоғамдағы отбасы құндылығына ерекше назар аударған. Егемен еліміз отбасын қашанда ұлтымыздың тұтастығының бірден-бір кепілі деп біледі. Қасиетті құндылығымыздың қарашығында болған салт-дәстүрімізді дәріптеп, ата-анасын ардақтап, жанұяға үлгі болып, қызметтің әр саласында өзін көрсете білген отбасылар – қашанда мемлекетіміздің мақтанышы. Бүгінде ынтымағы ырыспен қуатталып, еңбегі елдің игіліне жұмсалып жатқан өнегелі отбасылардың кеңінен насихатталып «Мерейлі отбасы» байқауының жөні мен жобасы бөлек. Өткен апта соңында «Руханият» орталығында «Мерейлі отбасы – 2024» ұлттық байқауының жеңімпаздарын аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов марапаттап, өнегелі отбасының қоғамдағы маңызына тоқталды.

Ұлттық құндылықтар мен шаңырақтың береке-бірлігін насихаттайтын шараға қатысуға 110-ға жуық отбасы өтім қалдырған. Соның ішінде 26 отбасы аудандық кезеңге жолдама алды.

– Біз – ата-анасын ардақтап, қариясын құрметтей білетін отбасын Отанның тірегіне санайтын елдің ұрпағымыз. Бүгінгі «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңінде белсенділік танытып, қатысқан әр отбасыға шынайы алғысымыз айтамын. Баршаңызды бүгінгі мерейлі мерекем тағы да құттықтай отырып, әр шаңыраққа шаттық, бақ-береке тілеймін, – деп Ғани Көкжәраұлы

жылы лебізін білдірді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша Бұқарбай батыр ауылының тұрғындары Әлиевтер әулеті жүлделі III орын, Ақсу ауылынан қатысушы Ижановтар әулеті II орын, Аққум ауылынан Әмахановтар әулеті жүлделі I орынды иеленсе, Т.Жүргенов ауылынан Бектаевтар әулеті бас жүлдеге лайық деп танылып, аудан әкімінің дипломымен марапатталды. Сондай-ақ байқауға белсенді қатысып, ұлттық құндылық пен отбасы мерейін жоғарылау бағытындағы өнегесін көрсете білген отбасылар арнайы номинацияларға ие болды.

Атап айтқанда, Жаңадария ауылының тұрғындары «Ұлағатты отбасы – ұлт құндылығы» деген берік ұстанымды ұстанып келе жатқан ауыл шаруашылығы саласының ардагері Хамит Есқалиев әкеміздің отбасы «Ұлағатты отбасы» номинациясымен, Таң ауылынан Ақбергеновтер отбасы «Парасатты отбасы» номинациясымен, Еңбек ауылынан Ағатаевтар отбасы «Үлгілі отбасы» номинациясымен, қарақөтендік Ахметовтер отбасы «Өнегелі отбасы» номинациясымен, Шәменов ауылының тұрғындары Уақбаевтар отбасы «Бәрекелді отбасы» номинациясымен марапатталды.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Сұхбат

Жалағаштықтардың 45,8 пайызы газ тұтынады

Бір аттасақ күз де келеді, енді 1-2 айда ауылдағы ағайын қыстың қамын жасап, жылу маусымына дайындалады. Еліміз бұл маусымға ерте қам қылғанымен жер-жерде жылу қазандықтары сыр беріп, ауылды былай қойғанда, тұтас қала жұрты бүрсең қаққан жағдайларға да куә болдық. Биыл да дәл осы мәселе Үкімет отырысында ерте пысықталды, нәтижесін алдағы маусымда бағамдаймыз. Ал өзіміздің Жалағаш ауданы алдағы жылу маусымына дайын ба, тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз етуде мәселе бар ма, биыл ауданда тағы қандай әлеуметтік нысандар көгілдір отынға қосылады? Осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жоллаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Фабит Ерболұлымен сұхбаттастық...



— **Фабит Ерболұлы, жалпы ауданда барлығы қанша әлеуметтік нысан бар және олардың алдағы маусымға дайындығы қалай?**

— Ауданда барлығы 100 әлеуметтік, бюджеттік нысан бар, оның 81-і — әлеуметтік нысан, 19-ы — мемлекеттік мекеме. Әлеуметтік нысандардың 29-ы сұйық отынмен, 37-сі қатты отынмен, 13-і газбен, 2-еуі электр қуатымен жылытылады.

— **Биыл ауданда жылу маусымында қанша тонна қатты отын қажет?**

— М.Шәменов және Ақсу елді мекендерін газдандыру жұмыстарының жүргізілуіне сәйкес, 2024-2025 жылдардағы жылу маусымына аудан тұрғындарына 9 мың тонна қажет. Былтыр маусымда бұл көрсеткіш 11 500 тоннаға құраған. Мұнан бөлек биыл коммуналдық тұрмыстық секторға 2 900 тонна қатты отын жеткізу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету мақсатында көмір жеткізуші «Әжібеков», «Ясина», «Меди» атты қатты отын жеткізіп беруші жеке кәсіпкерлермен өзара ынтымақтастық меморандумын жасау жұмыстары жүргізілуде.

— **Жалпы алдағы маусымға ауданның байындық деңгейі көңіл көншіте ме?**

— 2024-2025 жылдардағы жылу маусымына дайындық пен оны өткізуді үйлестіру жөніндегі аудандық штаб құру, ауданның өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін жылу маусымына дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы аудан өкімінің 2024 жылғы 15 мамырдағы №185 өкіміне сәйкес жұмыстар жүргізілуде. 2024-2025 жылдардағы жылу маусымына дайындалу жөніндегі іс-шаралар жоспарына

сәйкес, аудан бойынша кент, ауылдық округ, бөлім, мекемелерге алдағы жылу беру маусымына нысандарды үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мақсатында өздеріне қарасты әрбір нысанның жылу жүйесінің техникалық жағдайына комиссиялық түрде тексеру жұмыстарын жүргізіп, акт толтырып, анықталған ақауларды қалпына келтіру бойынша тиісті қаражаттарды қарастыру үшін хат жолданған болатын. Осыған орай зерделеу жұмыстары жүргізіліп, бірқатар ақау анықталды.

— **Ол қандай ақаулар?**

— Аудан бойынша білім беру ұйымдарында анықталған ақаулар бойынша облыстық білім басқармасына бюджеттік өтінім жолданды. Қазіргі таңда анықталған ақауларды қалпына келтіру бойынша қаражат бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, №32 мектеп-гимназиясы бойынша вакуумды, циркуляциялық насос, дизельді генератор алу, №38 орта мектептің оттық, сорғы беті, раутер, коммутатормен қамтамасыз ету, №114 орта мектепке циркуляциялық насос, су айдайтын насос алу, №116 орта мектепке оттық, құбыр айналым насосын алу, №117 орта мектепке кернеу тұрақтандырығыш, циркуляциялық насос алу жұмыстары жүрді. Сондай-ақ 118 орта мектепке циркуляциялық насос, №122 орта мектепке оттық, циркуляциялық насос, аккумулятор, №123 мектеп-лицейге вакуумды, желдету насос алынды. Ал №124 орта мектепке оттық, вакуумды насос, №188 орта мектепке циркуляциялық насос, су айдайтын насос, осинқонды қозғалтқыш, №202 орта мектепке циркуляциялық насос, басқару блогы, жану автоматы, газ реттегіш, дизельді генератор, №232 орта мектепке циркуляциялық және су

айдайтын насос, №246 орта мектепке циркуляциялық насос қажет.

— **Білім саласы бойынша барлық нысан жылу маусымына дайын ба?**

— Білім саласы бойынша барлығы 23 нысан бар. Оның ішінде 20 мектептің 17-сі сұйық отынмен, 2-еуі қатты отынмен, 1 мектеп газбен жылытылады. Мектептерге жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 1544, қатты отын қажеттілігі 564 тоннаға құрайды. Биыл мектептерге сұйық отынға 512,9 млн, қатты отынға 11,8 млн теңге бөлінді. 1544 тонна сұйық отынға жеткізіп берушілермен келісім-шарт жасалып, одан бүгінгі күнге дейін 800 тоннасы алынған. Қазіргі таңда мектептерде 29 тонна сұйық отын қоры бар және 704 тонна сұйық отын келісім-шарт бойынша алашақ, Биыл 15 қаңтарға дейін 346 тонна сұйық отын сатып алуға қосымша 117,6 млн теңге қаржы қажет. Мектептерге 564 тонна қатты отынға келісім-шарт жасалған.

«Ақтерек» лагеріне сұйық отын қажеттілігі 22, Оқушылар үйіне 41 тоннаға құрайды. «Ақтерек» лагеріне сұйық отын сатып алуға 7,6 млн теңге, Оқушылар үйіне 13,6 млн теңге қаржы бар. Индустриалды-аграрлық колледжге қатты отын қажеттілігі — 267 тонна. Бүгінде 20 тонна қатты отын қоры бар.

Балабақшаларға келсек, аудандағы 10 балабақшаның 6-ауы сұйық отынмен, 1 нысан қатты отынмен, 3 нысан газбен жылытылады. Балабақшаларға жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 238, қатты отын қажеттілігі 40 тоннаға құрайды. Былтыр сұйық отынға 80,7 млн, қатты отынға 800 мың теңге қаралған. 238 тонна сұйық отынға келісім-шарт жасалып, одан 80,1 тоннасы алынған. Бүгінде

балабақшаларда 9,2 тонна сұйық отын қоры бар және 157 тонна сұйық отын келісім-шарт бойынша алашақ, «Арай» балабақшасында 0,7 тонна қатты отын қоры бар. Келісім-шарт биыл маусым айымен жарияланды.

Мәдениет саласы бойынша 20 нысанның 1-еуі сұйық отынмен, 14 нысан қатты отынмен, 4 нысан газбен, 1 нысан электр қуаты арқылы жылытылады. Кент орталығындағы Қонысбек Қазантөев атындағы мәдениет үйінің де циркуляциялық насостарын ауыстыру қажет. Бұл бойынша бөлім тарапынан аудандық экономика және қаржы бөліміне бюджеттік өтінім тапсырылды. Ауылдарға келсек, Т.Жүргенов ауылдық мәдениет үйі бойынша циркуляциялық насос алу қажет. Аталған насосы алу бойынша бюджеттік өтінім енді тапсырылады. Еңбек ауылдық округі аппараты бойынша жылыту пешін ауыстыру қажет. Бұған қатысты бюджеттік өтінім ұсынылған. Есет батыр ауылдық мәдениет үйі бойынша 2005 жылы алынған «Апатау-1200» маркалы пешін ауыстыру қажет. Қазіргі уақытта су тұрмай жарамсыз болып, су тұратын қабырғалары шіріп тесілеп, от жағатын оттың орны жарамсыз болып қалған, жөндеуге келмейді. Бұған қатысты бюджеттік өтінім әзірленуде. Бұл ақауларды жылу маусымына дейін қалпына келтіру қажет.

Мәдениет нысандарына жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 32 тонна, қатты отын қажеттілігі 680 тоннаға құрап отыр. Биыл сұйық отынға 6,2 млн теңге, қатты отынға 17,8 млн теңге бөлінген.

— **Ауданда газдандыру жұмыстары қай деңгейде жүрді және оның жылу маусымына дайындығы жұмыстарын жеңілде-**

туге сенімді тұлға жатыр ма?

— Жалағаш кентінде орталықтан-дырылған газ желісі 2021 жылдың шілдесінде айында пайдалануға берілді. Қазіргі таңда кенттегі 2 926 тұрғын үй және 13 әлеуметтік, 127 кәсіпкерлік нысаны орталықтандырылған газ желісіне қосылған. Бұл аудан халқының 45,8 пайызын құрайды.

Елді мекендерді газдандыру мақсатында барлығы 1086,2 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда, М.Шәменов елді мекенін газдандыру жұмыстарына былтыр облыстық бюджеттен 63,8 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізіліп, бөлінген қаржы толығымен игерілді. Биыл Ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 485,3 млн теңге қаралды. Бүгінде құрылыс монтаждау жұмыстарының 95 пайызы орындалды. Жалпы бұл ауылда халық саны — 1003, тұрғын үй саны — 294.

Ақсу елді мекенін газдандыруға былтыр облыстық бюджеттен 20 млн теңге қаралып, тиісті жұмыстар жүргізілді. 2024 жылы құрылыс монтаждау жұмыстарын жалғастыру үшін Ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 397,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстарының 95 пайызы орындалды. М.Шәменов, Ақсу елді мекендерін газдандыру жұмыстары пайдалануға берілсе, аудан халқының 57,8 пайызы табиғи газбен қамтамасыз етіледі.

Ендігі кезекте Қаракөк, Делдабай және Бұқарбай батыр елді мекендерін газдандыру үшін жобалау-металдық құжаттары демеушілік есебінен әзірленуде. Жоғарыда аталған елді мекендері газдандырылса, аудан халқының 63,7 пайызы табиғи газбен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар аудан орталығындағы өкімшілік

ғимараттар мен әлеуметтік нысандарды табиғи газге ауыстыру мақсатында биыл бюджеттен 68,4 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда, Жалағаш кенті өкімі аппаратының қазандығы табиғи газ желісіне қосылып, пайдалануға берілді. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қазандығын табиғи газ желісіне қосу жұмыстарына 9,4 млн теңге қаралды. Бүгінде қазандықты реконструкциялау жұмыстары жүргізілді. Жалағаш кентіндегі №123 мектеп-лицейі, №246 орта мектебін табиғи газға ауыстыру жолымен қазандықты реконструкциялау жұмыстарын жүзеге асыру бойынша қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстарын бастау үшін облыстық бақылау басқармасынан рұқсат алынып, мердігер мекеме тарапынан құрылыс материалдарын жеткізу жұмыстары жүргізілуде.

— **Еліміз бойынша бір жылдары қаттыотынның, сұйық отынның бағасы шарқытады, биыл мұндай жағдайларға жол берілі ме?**

— Негізінен біз бағаны ретсіз көтеруге жол бермейміз. Жаңа жоғарыда айтып өткен кәсіпорындармен де келісім-шарттың жасалу мақсаты да сол. Сондай-ақ алдағы жылдары да ауылдық елді мекендерді газдандыру жұмыстары жалғаса береді. Дәл осы қарқынмен жұмыстар жүзеге асса, қатты отынға тәуелділікте азаяды. Жалпы аудан алдағы жылу маусымына дайын.

— **Сұхбаттыңызға рақмет!**

Сұхбаттасқан
Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мұра

Ат спорты — ата-баба аманаты

Жүгі нарда, қазаны теңде болып көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының өмірінде аттың алар орны ерекше. Қазақ жылқыны «Ер қанаты — ат» деп нақылдап, жеті қазының біріне қосады. Ал осы жануармен байланысты қаншама салт-дәстүріміз бен ұлттық ойындарымыз асынып жатыр. Шыны керек, бүгінде кейбір дәстүрлі ат ойындары қоғамда ұмыт қалып бара жатыр.

Осы орайда «Аманат» партиясы аудандық филиалы мен «Дарын» бастауыш партия ұйымының ұйымдастырумен Ақтерек тыныш лагерінде «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында «Ат спорты — ата-баба аманаты» атты танымдық кездесу өтті. Іс-шараны «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева ашып, жас өскелең ұрпаққа ат спортының қырысын ұғындыру, тәсілдерін көрсету, ат спортымен айналысып жүрген аға буын өкілдерімен таныстырып, жастардың ат спортына қызығушылықтарын ояту екендігін айтып өтті. Сөз алған «Дарын» бастауыш партия ұйымының төрағасы, аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов шараның маңыздылығына тоқталып, жас жеткіншіктерге берер тәлім-тәрбиесінің мол екендігін жеткізіп, қатысушыларға ризашылығын білдірді.

— Қазақтардың көптеген ұлттық спорт түрлері атқа байланысты туған. Бәйгеңнің неше түрлері, сақина алу, көкпар, аударыспақ, сайыс, қыз қуу тағы басқалары адамды ат үстінде шебер өнер көрсетуге, епті, шыдамды, төзімді болуға баулиды. Олардың көбісі ата-бабаларымыз жауынгерлер даярлағанда да маңызды міндет атқарған. Ал атты құту, баптау жүздеген жылдық тәжірибесі бар өзіндік бір ғылым. Сондықтан осындай киелі ата-дәстүрімізді жас өскелең ұрпақ бойына дарыту біздің басты міндетіміз бола

бермек. Алдағы уақытта да осы бағытта бірқатар шаралар ұйымдастырамыз, — деді «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева. Аққұм, Бұқарбай батыр, М.Шәменов, Мәдениет, Т.Жүргенов ауылдарынан арнайы қатысқан аға буын шабандоздар ат баптаудың қыр-сырымен, ат спортының қызықшылықтары туралы өз ойларымен бөлісіп, теңге алу, аударыспақ ойындардың тәсілдерін көрсетіп, оқушыларды атқа отыруды үйретті. Әсіресе М.Шәменов ауылының тұрғындары Ербол Есмағанбетов пен Әуелбек Қорғанбеков балаларды атқа мінуді үйретіп, білгенімен бөлісті.

— Әрбір халықтың тарихына, өмір тіршілігіне, салт-дәстүріне қатысты ұлттық ойындары болады. Қазақ халқының да салтында бар, санасына сіңген ұлттық ойындары аз емес. Негізінен басым көпшілігі аңға, төрт түлікке байланысты туындаған ойындар әрекетті, ептілікті және икемділікті қажет етеді. Ұлтымыз негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса мән берген. Нәтижесінде бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойындары орайластырып, дамытып отырған. Бірақ қазір жастар ұлттық ойыннан гөрі санасын ұлайтын құмар ойындарды жиі ойнайды. Оның тигізер зиянына көңіл аудармайды да. Ұлттық ойын тасада



қалды. Оның кейбірі тіпті ұмыт та болып бара жатыр. Жастарымыз теледидар мен телефонға бос телміргеннен гөрі, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, сананы сергітіп, ұлттық ойындарды күнделікті өмір дағдысына айналдырсақ нұр үстінде нұр болар еді, — дейді атбегі Ербол Есмағанбетов.

Иә, ұлттық ойындар — ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойынауықтардың бір түрі. Оның бастауы

тым тереңде, ғасырлар қойнауында жатыр. Оған қоса қазақ ойындары өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі екеніне ешкімнің дауы жоқ. Іс-шара соңында «Дарын» бастауыш партия ұйымының нысаналы трансферт қаржысы есебінен «Аманат» партиясы аудандық филиалының алғыс хаттарымен және бағалы сыйлықтары табысталды.

Жандос ЖАЗКЕН

Мерейлі отбасы — мемлекет тірегі

Сондай-ақ Мәдениет ауылының қатысушылары Нұржановтар отбасы «Қайырымды отбасы» номинациясымен марапатталды. Айта кетейік, өнегелі де өнерлі, білімді де берекелі жанұяларымыздың бірі, Ішкі істер органдарының ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, журналист-өлкетанушы Нұржанов Болатбек ағамыздың отбасы. Мәдениет ауылының Д.Тобаев көшесінің бойынан өзінің жеке қаражаты есебінен балалар ойын алаңы бар саябақ және ауыл тарихынан жасақталған қоғамдық негіздегі музей үйін ашқан.

Бас жүлдені иеленген Бектаевтар отбасы мен І орын иегері Әзмахановтар отбасы облыстық кезеңге жолдама алып, Жалағаш ауданының намысын қорғайтын болады.

— Мықты мемлекеттің негізі ол — отбасы. Отбасы — сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның дінгеі. Отбасының аман-саулығы әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Қоғамда әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Әрбір ұяның қос тіреуі — ерлі-зайыптылар өздеріне әдеп-адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елде бейбіт те берекелі тұрмысқа негіз қаланбақ, Отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. Отбасының іргетасы ер азамат пен әйел адамның ақ неке қиып, отау тігуінен құралады. Отбасының басты қазығы, алтын дінгеіп бала. Баланың тәрбиелі, жан-жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы зор. Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер ер адамның жүрегінен орын алуы керек. Осы ретте осындай шара арқылы әр отбасының ынтымағын одан әрі арттыруға үлес қосқан ұйымдастырушыларға алғыс білдіреміз, — дейді «Мерейлі отбасы — 2024» байқауының бас жүлде иегері Төлеміс Бектаев.

Расында да, түрлі отбасылық байқаулар мен шаралардың арқасында талай жанұя тұтас елге танылды. Бірі еңбегімен басқасы өнерімен өленді. Көпбалалылары көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Бұл жанұялар — болашақ жанұялардың тәрбиесіне тікелей ықпал етеді деген үміттеміз.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

БАСЫЛ-БЕТТЕ

Тарих

Ташкенттегі Сәрке батыр ұрпақтары

Тарихқа көз жүгіртсек, ең ауыр, қасіретті кезеңнің бірі қазақ халқының жоңғар, Еділ қалмақтарымен арадағы соғыстары екенін бағамдаймыз. Қазақ тарихтар толқынында не көрмеді, ұлан-байтақ жерімізді қорғап, көздің қарашығындай сақтап, бізге мұра қылып қалдырған қазақтың хандары, би-батырлары. Ел басына күн туған кезде елін сүйген, қасиетті жерін қасық қаны қалғанша қорғаған небір хаң, сұлтан, би, сардар-батырлар шықты. Солардың бірі – қаһарман тұлға Сәрке батыр Өмірқұлұлы (1727-1771жж.).



Табын тайпасының өздерімен қыз алысатын руына ұзатылып, Барақ, Асау атты қазақ батырлары дүниеге әкелді.

Міне, далалық Ахатер мектептен өткен Сәрке кейін бозбала күнінен ерліктерімен көзге түскен, өскен жері үшін жауымен аянбай күрескен, жауға қатал досқа адал елің жерін сүйген қазақтың хас батыры болады. Батыр жоңғар-қалмаққа қарсы жорықтарда арын тархан Жөнбек, Тама Есет т.б. батырлармен үзегілес болған. Есіл ер, Сәрке батыр 1771 жылы қалмақтың Еділден Жоңғарияға қашуы барысында «Шанды жорық» кезінде көзі тірісінде дес бермеген, арнайы шиті мылтықпен тосқауылда қалдырылған жаудың жаныз қарулы атқыштар қолынан қаза болған. Қаза болғаннан кейін уақытша аманаттап Қарақұмдағы қазіргі Ұлытау-Жезқазған даласындағы «Ақши» атты жергілікті халықпен қазір «Сәркенің Ақши», «Сәркенің белгісі», «Сәркенің тауы», «Сәркенің жары» деп атап кеткен жерге жерленген.

Сәрке қазасынан кейін бір жыл өткені оның жұбасысы, кейін Сыр өңіріне белгілі би болған елімізге белгілі заңгер, экс-сенатор Иран Әміровтің қарт қалмагер Ахат Жанаевтың, біздің тікелей бабымыз Жүзжасардың ұйымдастыруымен батырдың денесі Қорқыт ата қорымына қайта жерленіп, үлкен әс берілді. Қармақшы ауданының аумағында орналасқан қорым Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи, Шиедіге Оқшы ата мазолы екі шәкерттерімен қатар тек оңтүстік өңірдің емес, бүкіл қазақ көшінің «пантеоны», қасиетті жері болып есептеледі.

Кезінде Сәрке батырдың жауды бақылауға арналған штаб, бекет қызметін атқарған бұл төбеге бүгінде жергілікті халық батырдың сүйегі Қорқытқа қайта жерленсе де киесіне, құдіретке тау етеді, есіп тұрған жыңғылдарға ақ шүберек іліп, науқас адамдар мен бала көтермей жүрген келішкестерді алып барып түнеп, тілек тілейді екен.

Елде сақталған деректерге сәйкес 44 жасында аңдыған жау қолынан қапыда қаза болған Сәрке бабамыз бұрынғы Шаш, қазіргі Ташкент қаласының түбіндегі Шыршық өзені бойында тұған Өмірқұл ұрпағы Шаймен қажының айтуынша, бабамыздың бірінші әйелінен Қареке, Қарқара, Сәрке, екінші әйелінен Сәмеке, үшінші әйелінен Құлшық, төртінші әйелінен Қараман тарайды. Бұлардан басқа бабамыздың қай әйелінен туғаны белгісіз Қойкелді батыр кішкентай кезінен-ақ Мүсірәлі қожаның тәрбиесінде болып, жаугершілік заманда ел қорғап, батыр атанған. Қойкелді туралы Ахат Жанаев кезінде оның Ұлы жүз рулары арасында есіп, Тараз қаласын жаудан тазартуға қатысқаны туралы жазған. Ол туралы өзінде анық деректер жоқ, Өмірқұл бай мен оның Қараман ұлы Шыршық бойында жерленгені туралы халық аузында айтылады. Ташкент облысының бұрынғы ескі жер-су аттары карталарында Шыршық бойында «Қараман тамы» көрсетілген. Бұл картаны қазір іздегіміз. Табынның Өмірқұл өлеңінің шежіре деректеріне сәйкес бүгінде Сыр өлінде Өмірқұл бабамыздың барлық ұлынан тарайтын ұрпақтар тұрып жатыр. Бір ұлынан ұрпақ көп болса, бір ұлынан тараған ұрпақтар аздау. Бұл үлестен Сыр өліне белгілі небір шыныр балақ, шүбар төс тұлғалармен қатар Ағайдар, Бекайдар, Байқадам, Шрәң, Сейіл, Қайқы атты батырлар, Бекқұлы сияқты болыс, би, Бекниязұлы Беркімбай көптеп дүниеден өткен. Сәркенің апасы Қарқарадан Асау, Барақ, Дәуіт, Қитар т.б. батырлар тарайтын жоғарыда көрсетілді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын алдыңғы ағаларының ізімен Өмірқұл бабамыз туралы деректер жинау барысында бабаға құтты мекен болған Шыршық өзені бойы елді мекендер картасын мұқият қарау барысында бұрын Қазақстанға қараған Сәрке атты (өзбекше махалла) ауыл барын анықтадым. Кейін Ұлы жүз рулары шежіресін зерттеу барысында нақ сол махалла мен көрші махаллада тұрып жатқан Шанышқылы руы құрамындағы Сәрке руы туралы деректерді көздерімді. Сол кезден бері бұл мәселені тереңірек зерттеуді ойладым. Бұл ойымды батырдың ұрпақтары Беркімбай көпелің ұлы Сүлеймен, Мусабек Қабыйбаев ағаларым қолдады. Оның үстіне қолымда қызықты деректер жазылған кітап болды.

Полиция полковнигі, Қазақстан ішкі істер министрлігінің «Құрметті ардагері», ақтөбелік Төлеубай Сарбаевтың Қ.Жүбаев атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к. Б.Құрманбековпен пікір жазылған (Ақтөбе-2012) «Ата-Баба шежіресінің» 163-ші бетінде төмендегі жолдар бар: ... Ал Барақ батырдың нағашысы Сәркеге келсек, оның ерлік даңқы Абылай ханның тұсында қалмақтармен жаугершілікте шыққан. Өзі Жаппас Баймұрат батырмен тұстас емір сүріп, қол бастаған Қалмақтармен өткен бір соғыста оққа жығылып, «Ақши» деген жерде аманаттанып, келесі жылы Қызылорда өңіріндегі Қорқытқа жерленген. Табынның түп ұраны «Тостаған» болса, екінің ұраны «Сәрке» болып ұрпағында өскіні қалған адам. Сәркенің Ақайдар,

рулар шежіресінің ешқандай ғылыми тұжырымдамасы жоғын, тайпалар жаугершілік заманда түрлі шайқас, соғыстар кезінде өз жерін қорғау, біреудің жерін басып алу мақсатында құрылған әскери рулар одағы болғаны, қазақтың тарихында кіші, әлсіз рулар басқа халықтар, рулар шабуылынан қорғану үшін үлкен рулар мен олар құрған одақтарға барып қосылып отырғаны, бұл жерде Өмірқұл Табын руынан тарайтын Сәрке ұрпақтары оның атымен аталатын ру болып қалыптасып, басында Шанышқылы тайпасына кірме ру болып кіріп, кейін уақыт өте қалып қоюы мүмкін екенін, қазақта бір рудың бір руға кіру деректері жиі қайталанып отыруы заңдылық екенін айттым. Бірақ ақсақалдан басқасы менің тұжырымды жақсы түсініп, қабылдап, байланыс телефонымы алып, хабарласып тұруымды сұрап, батасын беріп шығарып салды.

Сәрке ауылынан шығып, Шыршық қаласының хахиматына соқтым. Ондағы ойым жергілікті өңірдің жер-су аттарының атын білетін тарихшы, өлкетанушы мамандармен тілдесу, ескі жер-су аттары көрсетілген карталармен танысу, заманында Тәуке ханның Шыршық бойындағы Хан кеңесің, мәжілістерін өткізген «Күлтөбенің» бүгінгі орнын, Өмірқұл бай мен Қараман тамы орналасқан жерлерді анықтау еді. Өкінішке орай хахиматтан мен іздеген мамандар да, карталар да табылмады. Одан кейін Шыршық қалалық музейіне барып, директоры Миршороп Гафурұлынан осы мәліметтерді сұрадым. Ол менің ізденісіме қатты қызығушылық танытып, Шыршық бойында үш жерде жан-жағы қоршалған ескі қазақ қорымдары сақталғанын, бірақ ол жерлерде кімнің жерленгені оған белгісіз екенін, бірнеше өулінен, оның ішінде Көктерек өуліне жерленген жері белгілі екенін айтты. Барынша мекемтескізі келіп, бірнеше өлкетанушы, тарихшыларға телефон соққанымен олармен байланыса алмағаны байланыс телефонымыз алып, кейін деректер табылса хабарласатынын айтты.

Ғаламтордағы деректерге сәйкес Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары 2018 жылы 11-23 сәуір аралығында Ташкент облысы мен Ташкент қаласындағы киелі жерлерді аралап қайтқан. Осы сапарда олар Бостандық ауданындағы Көктерек, Баба шерттер, Құс көктер, Зәретке баба, Ақсақ ата, Нүреке, Билғары ата, Көкпелі ата, Көктоңды ата, Құдайберген ата, Еңсе, Ташкент қаласындағы Шымар ата, Жылаң ата, Жалаңаш өуліне, Шолан ата, Сүйел ата, Қазақмазар т.б. киелі өулілер жатқан көне мазарлар, мешіттердің шығу тегі, салынуан уақыты, пайдалануы туралы деректер анықталып, мәлімет жиналып, жан-жақты зерделеніп жатыр екен. Қазір экспедиция басшысынан тісті ақпарат сұратып жатырмын. Беркімбай өулінен Ташкентке жиі сапарлап баруы Өмірқұл Қараман бабаларымен қатар осы өуліне-өулілерге барып зиярат етуімен байланысты болар. Өкінішке орай кезінде ата-бабаларымыз жайлаған жерлерді зерттеу сол жерлердің бүкіл тарихын білген көнекез қариялардың көзі кеткесін хеш зерттеліп жатқан сияқты.

Сапарым Сәрке руының оншақты отбасы қоныс тепкен Бостандық ауданында орналасқан Табақсай махалласында жалғасты. Ол жерде Ботбай Жұмашев Абдулаулы мен Бахтияр Базарқұлұлымен танысып, олармен Өмірқұл Сәрке бабалар туралы сөйлестім. Бір таң қалғанын, оларда бізше мұражай деп өзгертілген «мүйіз» болып қалған. Сонымен қатар ай аттары әлі январь, февраль, март болып аталады.

«Ай көрмесен туысың жат, жыл көрмесен жолдасың жат. Жатырқау – жаттың ісі, жақындау – Хақтың ісі» дейді дана қазақ. Қазақтың басқа халықтан ерекшелігі – ғасырлар бойы қалыптасқан жүз, тайпа, ру арқылы бір-біріне туыстас, аталас ағайын, бауыр, жақындығы ерекше сақталп, жатуы дағы дейін бір-бірімен қызық алыспайы. Бұл мемлекеттегі тұрақтылық пен қоғам бірлігінің басты алғышарттарының бірі ауылы болады. Ташкент түбіндегі Сәрке ауылына баруды мақсатым ағайынды бөлу емес, аталас туысқандардың бір-біріне жақындығын анықтау еді. Өзім оқыған кітаптар мен ұрпақтарына есиет қалдырған құймақұлақ ақсақалдарымыздан Табын құрамындағы Өмірқұл руы мен Сәрке батырға қатысты қалған өңгімелер мен Шанышқылы тайпасы құрамындағы Сәрке руына қатысты олардың ақсақалдарынан қалған халық аузындағы өңгімелерді салыстыра отырып зерттеу еді. Екінші мақсатым бұл ағайындардың Өзбекстандағы келгенде қандасымыз сияқты төлқұжаттарында ұлтын өзбек қылып өзгертіп тұрғанда олардың жеткізу жері мен тегін қазіргі жастарына жеткізу еді. «Мал қонысын іздейді, ер жігіт туысын іздейді» демекші, ондай ағайынды туыстық қатынасты қандай жағдайда да үзіп алмай, қайта оны жалғап, жалғастырып, жандандыруға шақырыдым.

Жоңғар-қалмақ шапқыншылығы кезінде халық тұрақты жерінен көтеріліп көшуге мәжбүр болды, өбден сапырылып, елдің солтүстігі мен шығысына, орталықтан оңтүстікке, батыстан шығысқа үлере шүбарды, рулар бір-бірімен мидай араласып кетті. Қазақтар ұрпағын қырығынан аман алып қалудың амалын іздеп қармады. Жаудан елің жерін аман алып қалудың бір амалы рулар одағын құру еді. Кіші, әлсіз рулар үлкен ру құрамына кірді. Басында олар кірме, бөтен атанғанымен кейін бір ағайын болып араласып кетті. Кім біледі, мүмкін өзбекстандық ағайындар керісінше жаугершілік заманда Сыр бойынан бабасы Өмірқұл жайлаған ата-баба қонысына Шыршыққа көшіп барған Сәрке батырдан тараған ұрпақтар болар. Бұл мәселені нақтылау үшін мұнақ Казакстанда дамып, Өзбекстанда елі қарқынды дами қоймаған Ұлттық биотехнология орталығы Адам генетикасы зертханасының меңгерушісі, Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, биология ғылымдарының кандидаты, профессор Мақсат Жабаббин мен профессор Жақсылық Сабитовтың бастауымен жүргізіліп жатқан генетика ғылымына жұну керек шығар.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ, Заңгер, полковник, Ақпарат саласының үздігі

Сақтансаң, сақтайды

Егін алқаптарындағы өрт қауіпсіздігі

Өңіріміз егін егуге баса мән бергендіктен алқаптарда өрт оқиғалары жиі орын алып жатады. Дегенмен бүгінде Жалағаш ауданы аумағында егін алқаптарында өрт оқиғалары тіркелмеген.



Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері егінді және мал азығын жинау кезіндегі өрттің алдын алу мақсатында кешенді шаралар жүргізуде. Шаруа қожалықтарға егін алқаптарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде дөңгелек үстелдер, шаруа қожалықтары, басқа да ауыл шаруашылығы ұйымдары және халыққа егіс алқаптарында өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы туралы түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырды.

Қатысушылардың назары техниканың оңтүстіктерін сөндіргіштерсіз жұмыс істеуіне жол бермеуге, оларды ақаусыз өрт сөндіргіш құралдарымен (өрт сөндіргіштер, өртке қарсы жапықштар, құм, сыпырғыш, күректермен және т.б.) қамтамасыз етуге, минералданған қорғаныс жолағының болуына, өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша жұмысқа тартылған барлық адамдарды нұсқаулықтан өткізуге, өрт болған жағдайдағы іс-әрекет және өртке қарсы қызметке ерт кезінде хабарлауға аударды.

Одан басқа дөңгелек үстел барысында қызметкерлер лауазымды тұлғалардың өрт қауіпсіздік талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын баяндады. Дөңгелек үстел қатысушылары «Дәнді дақылдарды жинау және жем-шөпті дайындау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы», «Егін алқаптарында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар» атты жағнамалар таратылды.

Негізінен кез келген жағдайда қауіпсіздік қаперде болғаны дұрыс. Өсіресе өрт қауіпсіздігі берінен маңызды. Себебі тілсіз жауды ауыздықтау кейде сала мамандарына қиындық тудырып жатады. Ал оның алдын алсақ, қос тарапқа да тиімді болатынын түсінетін уақыт әлдеқашан жетті. Сондықтан бірінші кезекте қауіпсіздікке басымдық берген абзал.

Жалпы кез келген төтенше жағдайдың себеп-салдарына үңілсең оған бастамашы болған қауіпсіздік ережесін сақтамау екенін аңғара қоясың. Қарап отырсақ, болмашы қателіктің соңы үлкен шығынға әкеліп жатыр. Кейде олардың соңы адам шығынымен аяқталып жатады. Өрт шыққан жағдайда ең алдымен «101» немесе «112» нөмірін теріп, азаматтық оқиғаны түсіндіретін шақырыңыз. Есіңізде болсын, осы ережелерді қатаң ұстансаңыз өз өміріңіз бен дүние мүлкіңізді сақтай аласыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Хабарландыру

Кент, ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті сайлауында үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: **сөйсенбі, сенбі** күндері.

Таралымы - 2850 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- Бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
 - Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
 - Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге;
- Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Төле би көшесі №5 үй. Жарнама бөлімі: 8 (724-31)31-5-75, E-mail: Zhal_jarsh@mail.ru

Жыл да өтті өзіңіз

Ардақты ағамыз Бекзата Жүсіпәлиеваның ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді, балаларының бағдаршамы, өнегелі өмір іесінен айырылып қалғанымыздан бері де жыл өтті. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасақ шара жоқ, тек ағамыз жайында енді жерде өткен шақпен естеліктер айту жанымызға батады.

Ағамыз 1968-1993 жылдары, яғни зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатында тігін шебері болып қажырлы еңбек етті. Оның жұмыстағы жауапкершілігі мен табандылығы ескеріліп, «Таңдаулы тұрмыстық қызметкері» атағы берілді. Сондай-ақ облыстың «Еңбек даңқы» кітабына есімі жазылды.

Жалпы Бекзата Жүсіпәлиеваның саналы ғұмырында елге өткен еңбегін тарқатып жазсақ, айтылар дүние көп. Соның барлығында ол табандылық танытты. Отбасында жолдасы Өтеш Байдүйсенұлымен 6 бала тәрбиелеп өсірді, нәмере-шөбере сүйді.

Ардақты ағамыз 2023 жылы 8 қыркүйекте 85 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Сынаптай сырғыған уақытқа мәңгі кім ілескен дейсіз, тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қыламыз. Ағамызды сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, ағулы ана.

Бөлек еді туғырың да, тулған да, Дұғамызды қабыл қылшы, ізгі Алла. Өткеніңмен өшпес бірақ есімің, Ұрпағыңмен мың жасайсың біз барда.

2024 жыл 17 тамыз, сағат 12.00-де «Иманқұл мешітінің асханасында Бекзата Жүсіпәлиеваның жылдық асы берілетін барша ағайын-туыс, құда-жекежат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар Байдүйсенөвтер әулеті



Брифинг

Салада серпін бар

Ауданымызда биылғы оқу жылын 6 990 оқушы аяқтап, жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, биыл 420 түлек алтын ұя мектебімен қоштасса, оның 395-і ҰБТ-ға қатысқан. Ал 358-і мемлекеттік грантқа қатысуға өтініш білдіріп, 293 түлек грант иегері атанып, ЖОО-да тегін білім алу мүмкіндігіне ие болған. Бұл туралы білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов брифингте баяндады.

Спикердің айтуынша, ауданда жалпы педагог саны – 1293 педагог жұмыс жасайды. Жоғары білімді – 1237 (96 пайыз), арнаулы орта – 56 (4 пайыз). Санаттары бойынша шебер – 1, зерттеуші – 248, сарапшы – 374, модератор – 314. Биылғы жылы біліктілік курстан өткен педагогтары саны – 377 педагог. Сондай-ақ биыл аудан бойынша 18 оқушы «Алтын белгі», 43 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанған. Аудан бойынша ең жоғары балл 132-ні құрады. 132 балды 3 оқушы жинап отыр. Олар – Темірбек Жүргенов ауылындағы №117 орта мектеп түлегі Ақнұр Қоңтай, Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің түлегі Даниял Русланұлы мен Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің түлегі Айнабек Алмасұлтан. Ал ең төменгі балл – 39.

2023-2024 оқу жылына жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін барлығы 78 219 грант бөлінген. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарынан Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға 3903 грант бөлінген.

Мемлекеттік грант иеленген 293 түлектің басым бөлігі педагогикалық және техникалық мамандықтарды таңдаған. Нақтырақ тоқталсақ, 129 талапкер педагогикалық, 22 талапкер медициналық бағытта, 66 түлек техникалық және 32 түлек ауыл шаруашылығы мамандықтарына оқуға түскен. Сонымен қатар 44 түлек басқа да бағыттағы мамандықтар бойынша жоғары білім алатын болады.

Балалардың жазғы лагері қалай ұйымдастырылды?

Брифинг барысында спикер тілшілердің сұрақтарына кезең-кезеңімен

жауап берді. Ол балалардың жазғы тынығу лагерінің жоғары деңгейде өткенін тілге тиек етті.

– Аудан бойынша 1-10 сынып аралығындағы 6 646 бала жазғы демалыс шараларына қамтылған. 27 мамыр мен 20 маусым аралығында 20 мектепте II ауысымда 2250 бала ыстық тамақпен, 450 тамақсыз мектеп лагерлері ұйымдастырылған. Биылда аудандағы «Ақтерек» жазғы тынықтыру лагері балаларға құшағын айқара ашты. Мұнда 6 ауысым бойынша 560 баланы қамтыған. Сондай-ақ 2700 бала ата-аналар мен демеушілер есебінен жазғы демалысын тиімді өткізді, – дейді ол.

Талғат Құрақбайұлының айтуынша, Алматы қаласындағы «Тау-Жаңашар лагеріне» ата-ана және демеушілер есебінен 50 баланы демалса, «Қазақстан қоры» демеушілігі арқылы 50 бала «Қуаныш» лагерінде демалған. Облыстан тыс танымдық экскурсияларға ата-ана есебінен Жент, Түркістан қаласына 441 бала жіберілген.

Жөндеу жұмыстары қарқынды

Талғат Құрақбайұлының айтуынша, биыл Бұхарбай батыр ауылында орналасқан №33 орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оған 2024 жылдың мамыр айында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы облыстық бюджет есебінен 428,9 млн теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде 412,9 млн теңге құрылыс жұмыстарына, 118,9 млн теңге технадзор, 4,1 млн теңге «СК и Монта-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұтқан. Сондай-ақ мектептерге жай жөндеуге барлығы 111 008, мың теңге қаралған.

Оның ішінде 32906,0 мектептерге жай жөндеу жұмыстарына құрылыс заттарын сатып алуға бөлінді және №118 орта мектепке ойын алаңын салу, тренажер алаңы, мектеп алаңын қоршау, мектеп фассадын салу және абаттандыру жұмыстарына 78 100,0 мың теңге қаржы бөлінді. Спикердің айтуынша, мектептердің барлығы интернет желісіне қосылып, компьютерлер паркі 100 пайыз жаңартылған.

– Бүгінде барлық мектептер «BilimLand» электронды платформасына қосылған. Бүгінгі күнге мектептердің 80 пайызы жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етілді. 2022 жылы 40 млн 766 мың теңге қаржы қаралып, 5 мектепке жаңа модификациялық кабинеттер берілді. Былтыр модернизация жаңғырту жұмыстары бойынша 6 мектепке 79 млн 297 мың теңге жұмсалды. Мектептерге құрал-жабдықтар алуға былтыр (LED экран, парта, тақта, актал орындықтары, бейне бақылау камерасы, дабыл нүктесі, жылу жүйесінің құрал-жабдықтары) 107 млн 817 мың теңге бөлінді, – дейді спикер.

Кітапханалардағы барлық кітап қоры – 493 520 дана. Оның ішінде қазақ тілінде – 269 818 дана, орыс тілінде – 18595 дана. Оқирмандар саны – 8114 адам. Көркем әдебиеттер саны – 195 636 дана оның ішінде балалар кітапханасы – 4546 дана және 17 717 дана электрондық оқулықтар бар. Биыл оқулыққа 65 млн 959 мың теңге қаралған. Оның ішінде оқулықтар алуға 59 млн 417 мың теңге бөлінген. Яғни 3 сыныптарға 5 пән бойынша арғышын, еңбекке баулу, орыс тілі, бейнелеу, цифрлық сауат сынды пәндердің оқулықтарын алуға 9 баспамен келісім шарт жасалса, көркем әдебиеттер алуға 6 млн 540 мың теңге 2 баспамен келісім шарт жасалған.



Бала қауіпсіздігі басты назарда

Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында барлық мектептер қоршалған. 16 мектеп аудандық полиция бөлімінің жедел басқару жүйесіне қосылған. Ішкі камера саны – 333, сыртқы камера саны – 188, барлығы – 521. Кент орталығындағы 5 мектеп турнирмен 15 мектеп дабыл түймесі, 3 мектеп күзетпен қамтамасыз етілген. Қалған 4 мектепті полиция бөліміне қосылуына байланысты қаржысы қаралған мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүруде.

Жыл басынан бері түнгі рейдтерге жауапты органдармен қатар, ата-аналар тартылып, құқық бұзушылықтың алдын алу «Түнгі қаладағы балалар» рейді күшейтілді. Өткізілген 251 рейдке 582 адам қатысқан. Оның ішінде 262 педагог, 120 ата-ана 582 адам қатысқан. 36 балаға мекен жайлық әлеуметтік-

психологиялық көмек берілген.

Жыл басынан бері есепке алынған 82 бала оның ішінде, қолысыз отбасында тәрбиеленіп жатқан 15, мектепшілік бақылауда 65, полиция органдарының есебінде 2 бала есепке алынған болатын қазіргі уақытта тіркелген бала жоқ. Оқушыларды зияткерлікке, отансүйгіштікке, еңбекке, ұлттық құндылықтарға бейімдеу мақсатында «Аудан өкімінің лигасы» жобасы басталды. Жобаның мақсаты – оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, балалардың интеллектуалды дамуы, оқушылар арасында достық қарым-қатынас орнату. Аталған жоба аясында 14 мектептен 168 оқушы қамтылды.

Брифинг барысында Талғат Құрақбайұлы білім тарапынан барлық құзырлы органдармен бірлесіп, көмектесу таламандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуға бағытталған жұмыстар жүргізілгенімен, кейбір ата-аналардың

балаларын қадағаламауынан, тәрбие берудегі салғырттығынан арты өкінішті жағдайлар орын алып жататынын жасырмады. Айтуынша, 2024 жылдың 4 ай қорытындысымен өкімілік құқық бұзушылықпен тіркелген жасөспірімдер саны – 79.

Өздерінің білетіндей, өңірде оқушылардың бір-біріне қысым, зорлық-зомбылық, әлімжеттік көрсетуіне өлі де тоқтам болмай отыр. Жасөспірімдер арасында топтық төбелес, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың 99 пайызы мектептен тыс уақытта орын алууда.

Сондықтан балаларға сапалы білім мен тағалымды тәрбие беруде кемшіліктерге жол бермей, сыннан сабақ алғанымыз жөн. Себебі бала болашағы – өз қолымызда. Осы ретте ата-аналар жауапкершілікті жауапты мамандарға жүктемей, өз мойнына алғанын абзалырақ.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Түйткіл

Жатақхана мәселесі жауыр болды

Тамыз айын мектеп бітіруші талапкерлер асыға күтсе, университет қабырғасында жүрген студенттер асықпайтын тәрізді. Оның мәнісі, түйткіл тарқамаған жатақхана мәселесі басталмақ. Әдеттегідей биыл да мыңдаған студент далада қалайын деп тұр. Сондықтан студенттер үйінен қағылғандар ағайын-туысты жағалап немесе пәтер жалдап тұруға мәжбүр. Ал дәл осы уақытта баспана бағасы тіпті шарықтап кетеді. Оқимын деп келген студент пана іздеп сарсаңға түскені дұрыс па?



Тура үш аптадан соң оқу жылы басталады. Жоғары оқу орындары бүгінде дайындықты үдете түскен. Ал екінші курсқа өткен студенттер «Қайда тұрамын?» деп бас қатырып жүр. Себебі университеттерде жоғары курстарға көбіне жатақхана бұйырмайды.

– Жатақхана бүкіл студенттің мәселесі деп айтса болар. Қазіргі таңда үйлердің бағалары да тым қымбат. Мүмкіндік болса, 4-ші курсқа дейін жатақхана берілсе, студентке үлкен көмек болар еді. Себебі өз курстарымызды білімнің сабаққа келуді де тоқтатады. Неге екебін сұрасан, жұмыс істейтінін айтады. Жұмыс істемесе, тұратын үй жоқ, жейтін тамақ жоқ, киетін киім жоқ. Осындай шығынды бір ата-ананың мойнына іліп қойған да дұрыс емес деп курстарымыздың көбісі бірінші курстан-ақ жұмыс істеуге кірісіп кетеді. Бірақ біздің басты міндетіміз болып келген оқу бір жағдайда қалып қояды. Жыл сайын осы мәселе қозғалып, өлі де шешімін табатын түрі жоқ, – дейді ЕҰУ 2-ші курс студенті Шалағат Амангелді.

Нарықта пәтер бағаларының жиі құбылып тұруы әдетке айналды. Оқу жылы басталғанда шарықтап кететіні тағы бар. Себебі пәтер иелері қандай

баға қоямын десе де өз еркі, оны қадағалайтын арнайы бақылау да жоқ. Орташа есеппен алғанда Астана мен Алматы қалаларында пәтерді жалға алу құны 200 мыңнан жоғары. Жатақханадан орын таппаған студент амал жоқ, бұл бағаға да келіседі.

Әдеттегідей жатақханадағы орын тапшылығы мәселесі Астана мен Алматы қалаларында өршіп тұр. Себебі бұл қалаларға келетін студенттер саны жылда көп болады. Алматыдағы жағдай тіпті ушығайын деп тұр. Биыл 29 мыңнан астам студентке жатақхана берілмейді. Былтыр бұл көрсеткіш 33 мыңды құраған. Жалпы үлкен мегаполистерде студенттердің 62 пайызы өзге қалалардан келеді.

Үй таппай төңіріген студенттер көз келген ұсынысқа келісуге бар. Естеріңізде болса, былтыр жыл соңында Алматыда хостел өртеніп, салдарынан 13 адам қаза тапқан болатын. 1956 жылы салынған тұрғын үйдің жертелесі мен бірінші қабаты хостелге арналған. Ашылғанына бір жарым айдың жүзі болған хостел сол уақытқа дейін заңсыз жұмыс істеген. Онда төлемсіз бір орынға 2000 теңгеден басталады, жалпы саны 100 төсек-

орынмен қамтылған. Ал хостелде тұрудың айлық төлемсіз – 25 мың теңге. Міне, далада қалмаудың қамын жасайтын студенттер осы секілді заңсыз қолданыстағы хостелдер мен жағдайы нашар үйлерде тұруға мәжбүр. Ал мұның соңы осындай қиындықтарға әкеліп жатады. Оқимын деп білім іздеп, арман қуып келген студенттер үй іздеп төңіріген доғаратын уақыт қашан келмек?

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек биыл 11 мың орындық 37 нысан, оның ішінде ЖОО студенттері арналған 26, колледж студенттері арналған 11 жатақхана пайдалануға берілетінін айтты. Оның апараты бойынша, 1,4 мың орындық 4 нысан жоспарлы мерзімінде пайдалануға берілмеуі мүмкін. Бұл – «Астана медицина университеті» КЕАҚ жатақханасын күрделі жөндеу, Алматы қаласында 400 орындық жатақхана салу және 450 орындық екі жатақханаға күрделі жөндеу жүргізу сынды жобалар.

Министр жатақханалар құрылысы кезінде инвесторлар кездесетін негізгі проблемалар қатарында нысандардың мақсатын өзгерту, заттай гранттар беру және коммуналдық желілерге қо-

сылу мүмкіндігінің шектелуіндегі қиындықтарды атады.

Үкімет осыған дейін өстеген университеттің басшылары студенттерге тиісті жағдай жасау өздерінің тікелей міндеті екенін іс жүзінде түсіне бермейтінін айтқан. Сондай-ақ өз кезегінде Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктері университеттер мен колледждердің сырттан келген студенттерді жатақханамен толық қамтамасыз ету талаптарының орындалуына қатысты жағдайды бақыламайтынын да сыға алған. Тіпті кейбір өкімдіктер тарапынан да үйлестіру жұмыстары нашар екен.

Жауапты министрлік бұл олқылықты жою үшін биыл 27 жатақхананы қолданысқа бермек. Демек 10 мыңға жуық студентке тұратын үй табылады деген сөз. Алайда жауыр болған мәселенің түйткілі биыл шешіле ме, жоқ па, оны болжау қиын. Премьер министр «Бірде-бір студент жатақханасыз қалмасын» деп пәрмен берді. Ал бұл қаншалықты орындалмақ, биыл да мәселе шешіледі ме, оны уақыт көрсетеді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Бәрекедді!



Білім белесін бағындырған

Білім – ақыл мен парасаттың белгісі болған асыл қазына. Білімді болу адамзаттың алдында тұрған үлкен белестер бен мақсаттардың биік шыңы болып саналады. Білім нәрімен сусындаған адамзат рухани тұрғыда көптеген жетістіктерге қол жеткізеді әрі жаңашылдық ашуға қабілетті болады. Сондықтан мемлекетіміз білімді жас ұрпақты баулу мақсатында сала дамуына баса назар аударуда. Нәтиже де жаман емес.

Ақтаудағы «IT мектеп-лицейдің» 10 сынып оқушысы Нұркен Ізбасарұлы Оңтүстік Кореяның Тэджон қаласында өткен «11th IYRC-International youth robotic competition» Білім беру робототехникасы бойынша халықаралық жарыста «Гран При» жеңіп алды.

Білім додасына өлеңнің 20 өлінен 1 мыңнан астам оқушы қатысқан. Нұркен Ізбасарұлы сол мың оқушының ішінде үздік шықты. Нұркен Ізбасарұлы жарыста «Орманды құтқару» бағыты бойынша 13 пен 18 жас аралығындағы қатысушылар арасында бағдарламаны жылдам әрі, сапалы жасап шыққан.

– Мен робототехникамен 5 жылдан бері айналысамын. Бұл халықаралық жарыс болғандықтан әлбетте, қатты уайымдадым. Бірақ бәрі ойдағыдай өтті. Маған Корея елі ұнады. Болашақ мамандығым робототехника және IT-технологиямен байланысты болғандықтан, Корея мемлекетінің жоғары оқу орнына түскім келеді. Қолда білдірген жаттықтырушы мен ата-анам алғысымды айтамын, – дейді Нұркен Ізбасарұлы.

Осы орайда бас бапкер Дмитрий Куричев шәкіртінің сын сағатта қандай қиындықты бастан көшкені туралы айтып берді.

– Бағдарламаны бірге әзірледік. Нұркен де аздап қобалжыды. Оның үстіне қарсыластар мықты болды. Корея, Қытай, Малайзия, Таиланд, Лаос, Ресей, Қазақстан, Бразилия, Үндістан, Алжир, Израиль, Ирак, Индонезиядан мыңнан астам бала қатысты. Бірақ Нұркен тапсырманы жақсы орындап, жеңіске жетті. Біз оны жеңісімен құттықтаймыз, – дейді Дмитрий Куричев.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1253